

Каз2
Т50



БЕК ТОҒЫСБАЕВ

АСЫЛ АДАМ АЙНЫМАС

۳



БЕК ТОҒЫСБАЕВ

АСЫЛ
АДАМ
АЙНЫМАС

ПОВЕСТЕР

Тоғысбаев Бек.

Асыл адам айнымас. Повестер. Алматы, «Жазушы», 1973.
232 бет. 50000 дана. 53 т.

Бек Тоғысбаевтың «Асыл адам айнымас» атты жинағына бес повесть еніп отыр. Жазушы бұл повестерінде әділдік пен адалдық, ерлік пен махаббат жайында сыр шертеді.

Т $\frac{0733\ 028}{М\ 402(07)\ 73}$ 23—73

Қаз 2
Т 50

Асыл адам айнымас

(Ш А Л Ғ А Й Д А)

*Асыл адам айнымас
Бір бетінен қайрылмас.*

АБАЙ.

Біздің ел ол кезде Мұңлы тауының маңайында көшіп-қонып жүретін. Таудың бер жағы — ши, боз өсетін жазық дала да, ар жағы Сарысуға қарай жонданып барып құмға ұласады. Бозкөл, Қаракөл дейтін суы тұщы шалқар көлдеріміз бар.

Әкем байлардың көшетін, қонатын жерлерін, құдық, қораларын жаяу жүріп аралап көріп, күні бұрын хабарлап тұруымен ас-суын айырған. Шешем бай үйінің жібін иіріп, алаша-сырмағын тоқып, қазан-аяғын көтерісіп күнелткен. Мені он екі жасымда жалшылыққа берді. Әуелі қозы, кейін қой, сосын жылқы бақтым. Ес жиып етек жапқан соң жалшылықта жүргенді намыс көре бастадым. Бір күні жылқы ішінен бәйге құланы ұстап міндім де, өрдегі аты шулы ұрыларға ілесіп, кең Арқаны ұзынынан да, көлденеңінен де кесіп жүріп, байлардың жылқысына жаудай тидік. Жылқы ұрлау бір жағынан күн көрістің амалы болса, екінші жағынан ат жалын тартып мінген ер жігіттің қажыр-қайратын танытатын өнер көрінуші еді.

Мені қажыры бар жігіт деп сол елдің байы Мәдігүл қолтығының астына алды. Киім-ішім Мәдігүлдың мойнында, ат қосшымын. Ізіме түсіп індеткен даугерлер Мәдігүлдың айбатынан сескеніп тіке ұрына алмайды. Аса бір азулылары келсе, Мәкеңнің малы көп, маған тіл тигізбей өзі жол-жобасымен жөнелтіп салады.

Ал менің бұл ауылды айналшықтап жүруімнің себебі — Мәкеннің Жамал атты қызы бар. Керме қас, ақша бет Жамал биыл он жетіге толып, бой жетіп отыр. Әттең не керек, алып қашайын десем құрығы ұзын әкесінен қорқам. Мал беріп айттыратын күш және жоқ. Өз басы мені теріс көрмейтін сияқты. Жастайынан атастырған күйеуі көкжөтел ауруына шалдығыпты деп естимін.

Мен сияқты қашқын кедейге бір елдің белді байы соншама неге ықыласын аударды десем, себебі бар екен. Шоқша сақалды, қызғылт сары Мәдіғұл соңғы бірер жылда бел алып, атақ-абыройы асып келеді. Избасар інілері де өсіп-жетіліп, жан-жағынан тіреп тұр. Айғайға айтақ қосатын ара ағайындары тағы бар. Қырыққа иек артқан Мәдіғұлдың ендігі арманы — болыс болу. Бұл жолда үйілген қара тастай болып кесе-көлденең жатқан адам — күллі Сарысу бойының сарабтал шонжары Әуелбай. Әуелбайдың байлық-қормалдығымен қоса қала жақпен байланысы бар. Қатынаған сайын ұлық-әкімдердің қойны-қоншын тығындап қайтады деп естиміз.

Мәдіғұлдың қалаға тісі батпағанымен, ел ішіндегі абыройы артықтау. Ру-рудың игі жақсылары осының аузына қарайды. Кісілігі, адамшылығы өз алдына, сал-серілігі тағы бар. Аулынан ән үзілген емес. Жиын-той жасап, алыс-жақындағы аузымен құс тістеген ақындар мен жез тандай әншілерді дария құйған көлдей жұтып жатқаны. Кежір мінез, кеселді қылығынан шоши ма, игі жақсылардың Әуелбай ауылына қатынауы аз.

Болыс сайлауы жақындаған сайын екі жақ жалпақ елді екі жарып, жиын құрып жатқан. Мәдіғұл ауылының қара-құрасы көптеу көрінгенінен секем алып, Әуелбай алыстан шалатын амалға көшіпті.

Губерна шенеунігі Логинов оның көптен табақтас кісісі екен. Әуелбай оған жаздың жайма-шуақ күндерінде сүліктей төрт қара ат жеккен пәуескесімен мөр басқан жасырын қағаз жібереді. Онда біраз күн жайлаудың сары қымызын ішіп сергіп қайтуын және бірлі-жарым іс тындыра кетуін сұраған. Арқаны ұры қаптап кеткенін, солар елдің тынышын алып тұрғанын, әсіресе, Мәдіғұл аулының сойқандығын, ұры жұмсап, елді ылаңға салып жатқанын қоса айтқан.

Ақ патша құлағанмен, Уақытша Үкімет дегеннің қылышынан қаны тамып тұр. Дуан жақты қайдам, дәл біздің елде ешбір өзгеріс жоқ. Қалаға барып қайтқандар: «Өкімет көбейді, бірін-бірі жағасынан алып жұлқысып жатыр», — деген хабарды жиі айтады. Ауылдың шалдары: «О, тоба,

аумалы-төкпелі заман тағы келді ме?»— деп, алладан ақ тілеу тілейді.

Сол тұста Әуелбайдың аулына Логинов келіпті деген хабар дүңк ете қалды. Омырауына алақандай сары жез таққан поштабайларын ертіп жүр деп естіп жатырмыз.

Түнде бір жақтан жолаушылап келіп, аттарды таң асырып жібергенмін. Ертемен тұрып қарасам, тұсаулы аттар суда үйездеп қалыпты. Соларды батпақтан шығарып жүргенімде, даланы дүсірлетіп шауып келе жатқан төрт аттыны көрдім. Байқаймын, бет алысы — мең жақ. Жақындағанда, омырауларына сары жез таққан поштабайлар екенін таныдым.

— Бұл қай ауыл? — деді алдыңғы біреуі ақырып.

— Мәдіғұл ауылы, — дедім.

— Ақжан Шауқарбаев дегенді білесің бе?

Жүрегім су ете қалды. «Мен» десем, тура бас салып сабайтындай көрінді.

— Кеше ғана дуан жаққа жолаушылап бара жатқанын көріп едім, — дедім.

— Мәдіғұлдың өз үйі қайсы? Қане, түс алдымызға!

Поштабайларды бастап алып жүрдім. Екпіндері жаман, жай басайын десем, аттың омырауымен қағады.

Мәдіғұлдың он екі қанат ақ үйінің айбыныан қасқыр бет поштабайлар шошыған жоқ. Ежірей мұрт біреуі:

— Уа, кім бар үйде? Шық бермен! — деп айғай салды.

Бақталасы Әуелбай болыс жұмсап жіберген поштабайлар екенін сезді-ау деймін, Мәдіғұл қасарысып шықпай қойды.

— Мына үй қырылып қалған ба? Әй, сен барып айт. Ояздың шабармандары келіп тұр де! Ұйықтап жатса, оят, Мәдіғұлдың өзіне тиесілі пакет бар де!

Үзік, дөдегелерін қошқар мүйіздеп оюлаған ақ отау іші мен кіріп келгенде қара көлеңке екен. Әшекейлі жалпақ басқұр, терме баулар түндігі ашылмаған үйден анық көрінбейді. Мәдіғұл дүрия көрпе үстінде, тікитө қойылған жастыққа жалғыз өзі жақтайып жатыр. Кір аяғымен төрге шығуға бата алмай босағаға шарт жүгініп отыра кетіп: «Мәке!»— деп бәсең үнмен сыбырлап едім, Мәдіғұл сөзімді бөліп:

— Естіп жатырмын, — деді. — Әуелбайдың шабарманына үйден шығып сәлем берер жайым жоқ. Қағазын берсін де кетсін.

Мен басымды иген қалпымда қайта шығып:

— Отағасы сырқаттаныпқырап жатыр. Қағазды менен берсеңіз де болады, — дедім.

Ежірей мұрт:

— Ә-ә, солай ма?!— деді кіжініп.— Көзінің еті өсейін деген екен найсаптың! Бәлем, қалай-қалай мөлігенін нәшәндіктің алдына барғанда көрерміз! Мә! Ұстат қолына!— деп тасырлатып шаба жөнелді.

Мәдіғұл ескіше хат танитын. Жүзі сұрланып, танауы қусырылып қағазға ұзақ қарады.

— Ояздан келген орыс мені бас қылып алты адамды шақыртыпты. Әуелбай құлқынына мықтап тықса керек... Мені сөйтіп мұқатпақ қой!.. Өте-мөте қадалғаны сен. «Мәдіғұл ұры ұстап отыр»,— дейді... Жә, бара көрелік!

Біз келгенде Логинов Шоқпартас бұлағының басына ұй тіктіріп жатыр екен. Мені екі солдат жапсарластыра тігілген екі бөлмелі үйге алып кірді. Жастау келген ақ құба орыс жігіті қазақ тілмәші арқылы жауап алды. Тығыз бұйра сақалды, бітік көз Әуелбай жанында тұр.

— Қайдан келдің?— деп сұрады Логинов.

— Үшінші ауылдан.

— Кәсібің не?

— Жәй шаруа, атқосшымын.

— Бір жылда неше жылқы ұрлайсың?

— Ұрлықпен жан бағып жүргенім жоқ. Бұл елде күнім үшін жүрмін.

Менің сөзіме тілмәш арқылы түсінген соң Логинов Әуелбайға бұрылды. Әуелбай аздап орысша білетін. Екеуі біраз күңкілдескен соң Логинов маған қарап:

— Сені атакты ұры дейді. Өз еліне сыймай қашып жүр дейді. Жиырма бес шыбық дүре соғылсын!— деп тұрып кетті.

Сол жылдары әр болыстан бір-бір ұрыны қамап, дүрелеп, елді қорқытып, ұрлықты тиямыз деген заңдары бар-тұғын. Аты шулы ұрыларға тиіспей мені дүрелеуі — Әуелбайдың Мәдіғұлды өзінше бір мұқатқысы келгені екен.

Екі солдат дереу қол-аяғымды байлап, киімдерімді шешті де, етбетімнен жатқызды. Немен ұрар екен деп көз қиығыммен қарап қоямын. Білегін сыбанған дәу солдаттың қолындағысы шыбық емес, осы күнгі шланг сияқты қуыс өзек резеңке. Ел жиналып қарап тұр. Жүздерінде жан ашудан гөрі үрей көп.

— Е, сорлы кедей, өледі-ау енді..

— Басқаны көрмей ұлық жарлыны көреді!

— Екі бұқа сүзиссе арадағы шыбын өледі,— деген дауыстар құлағыма еміс-еміс естіліп жатыр.

«Әуп» деп ұрып қалды, қайқаң етіп қол-аяғымды қозғалтқанша тағы біреуі сарт етті..

Бір уақытта есімді жинап, көзімді ашсам, жалғыз жатыр екенмін. Қол-аяғымды босатыпты. Анадай жерде мылтыққа сүйеніп бір солдат отыр. Сірә, менің күзетшім болуы керек... Күн бесіңнен ауыпты. Су ішкім келді. Насыбай да иіскегім келіп өліп барамын. Бай үйінің Сәтібай деген жалшы жігіті бар еді. Көнекке қымыз құйып алып барады екен, бұрылып келіп жанымға тоқтады.

— Мә, іш! Ешкім көрмей тұрғанда жұтып қал, сорлы!

Қымыздың төрт тостағанын бірінен кейін бірін тастап жіберіп едім, аузымнан ақ іртік болып қайта төгілді. Насыбай иіскеп қана жаным жай тапты. Біраздан кейін бойыма күш-қуат ене бастады.

Күн еңкейіп, қалың бұлтқа еніп барады. Аспан түнеріп, бүйірден жел көтерілді де төңірек алай-түлей болуға айналды.

Поштабайлар лауға мінетін жиырма шақты атты қосақтап, суға қарай айдап бара жатыр екен. Ысқырған қамшыдан үріккен шеткі аттар арқанға оралып қалғанын көріп отырмын.

— Әй, мына жамаңдатқыр қайтеді-ей!

— Арқанды тарт! Ойбай, анау қылқынып өлетін болды ғой, ей!— деген дауыстары анық естіліп тұр.

— Әй, Ақжан!— деп дауыстады мені танитын біреуі.— Неменеге бедірейіп отырсың? Анау атты босат!

Аттардың оралған жібін жазып жүріп, солдат жаққа қарап қоямын. Желге арқасын тосып, махорқасын орай алмай әуреленіп отыр...

Шеттегі бөйге құла көзіме оттай басылды. Мойнын ала арқан қиып тұр. Басыма бір ой сап етті. «Мыналар мені айдап әкетсе ғой айдалада сүйегімді шірітеді... Одан да тәуекел! Атса осы жерде атсын! Өлсем өлігімді артып әкетпес, ел ішіндемін ғой, жер шұқып көмер...»

Белімдегі төрт құлаш берен белбеуімді шешіп, құланы ноқталап жіберіп, қарғып міндім де, ұра жөнелдім.

Артымнан:

— Бұ кім-ей?

— Тоқта! Тоқта!

— Аттан! Аттан! Қашты!— деген дауыстар естіліп жатты. Өне-міне дегенше арқан бойы ұзап кеттім. Тарс-тұрс оқ атылды. Артыма бұрылық қарасам, солдаттар мылтықтарын арбаға сүйеп қойып, атып жатыр екен. Әйтеуір құдай сақтады. Көп оқтың бірі қалай жазым етпегеніне қайранмын... Сарысу бойы — жағалай отырған ел. Бай балалары күн батар алдында бір-бірден жорға мініп қыдырып

жүреді. «Аттан!» — деген айғайға дүрлігіп, бәрі жабыла қуды. Артыма қарасам, тобылғыдай тұтасып келеді.

Бетім күнбатыс жақ. Желге қарсы ұшып келемін. Шағырлы адырына ілінгенімде қарсы алдымнан жаңбыр құйып берді. «А, құдай!» — деп қамшыны баса түстім.

Ауылдан он-он бес шақырымдай ұзадық. Бүйте берсем, бұлар қос аттап қуып діңкемді құртар деп, амалға көштім. Дөң асқан соң жал-жалды жағалап, құлаған бір ескі тамның тасасына кеп тұра қалдым.

Қуғыншылар қиқулап өтіп жатыр...

— Былай кетті!

— Жок, тура шабындар!

— Ізі көрінбейді... Құмға тарт, құмға! — деген дауыстары ұзап барып басылды.

Әлден соң қас қарайды. Қыстауда үйілген ескі шөп жатыр екен. Арасын ашып жіберіп, біраз тынығып алдым. Денем суыған соң, ерде отыра алмайтын халге келгенімді білдім. Шалбарымды шешіп, екі балағына шөп тықтым да атқа жады ғып мініп алдым...

Қойшы, әйтеуір, өлмей тірі қалған соң бәрі бір екен, итшілеп жүріп, күйеуге шыққан бір апамның үйіне кештетіп жетіп, ертоқым, көрпе алдым. Жаныма торсық байлап, біраз күн далада қашып жүрдім. Күндіз өзім секілді жарлы-жақыбай, малшылардың қостарына барып, түнде иесіз, елсіз қоралардың басына түнеймін.

Көп ұзамай «нәшәндік» ереуілдеген елден қорқып, поштабайлармен бірге қашып кетіпті деп естідім. Бірақ мені «ұры» деген қағаз болыстың қолында. Бәледен басымды арашалау үшін дуанға бару керек болды.

Әкем бір малын сойып, елді жинады. Ағайын-туғандарым жолыма оны-мұны жинап берді. Соларды пұл қылып қалаға тарттым.

Қала аласапыран екен... Адвокат іздеп жүргенімде, көптен қалада тұратын, көзі ашық бір саудагер ағайынымыз: «Қазір қуынғанмен пайда жоқ. Өкімет ауысып жатыр. Көктемге дейін күт» — деп ақыл берді. Қала мен біздің ауылдың арасы — жүк артқан түйеге алты күндік жол. Атым арық еді, ұзақ жолды көтере алмай, жаяу қалуға айналдым. Ушқойтас деген жерде құдам отырушы еді, соған барып, ат мінуден дәмеленіп, жалғыз өзім жолға шықтым.

Бір кезеннен аса бергенімде алдымнан салт атты екеу шықты. Кер айғыр мінген біреуі — сақалына нар күміс енген, сұлу мұртты, нұр сипатты кісі екен. Басында түлкі тымағы, белінде ескі кісесі бар. Оның қасында — күрең шолақ ат мінген, басында елтірі тымағы, үстінде қара тоны,

аяғында сүртпе табан етігі бар ақ құба, мұртты жігіт келе жатыр.

— Ия, қай баласың, қарағым?— деді күміс сақалды кісі сәлемдесіп болғаннан кейін.

— Тама деген елміз, қария.

— Е, шырағым, Тама болсаң жер жағдайына қанық шығарсың. Шуда өткел барын білдің бе?

— Білемін, қария... Қамқалы, Қызықты дейтін өткелдері бар.

— Ал... Жол болсын. Өзіңнің бет алысың қай жақ?

— Үшқойтаста құдам бар еді...

— Шыққан жерің қай ауыл?

— Орынбек ауылы.

— Ал, балам... «Жолдасқа жолдас қосылса, жол болады»— деген. Тама, Тарақты жерін білмейтін едік... Бүгінше бізге жол көрсетіп, құдаңызға ертең барсаңыз қайтеді?

— Мен де жолаушымын ғой, қария. Оның үстіне атым болдырып келеді...

Менің шұбыртып келе жатқанымды қария жақтырмады білем, үлкен нұрлы көзің тіктеп бір қарады да үндемей қалды.

— Үлкен кісі айтып тұр ғой... Қайтара бересіз бе?— деп, мұртты жігіт сөзге араласты. Даусында салмақ, ызғар бар. Көзі от шашып тұр.

Мен сөзден тосылып қалдым. Енді жалтарудың жөні жоғың біліп, екеуін бастап кері қайттым... Намазшам кезінде Орынбек ауылына жеттік. Шай үстінде әлгі кісілер жөн сұрасты. Сақалына нар күміс енген қария кісінің аты — Әлім де, мұртты жігіттің аты Жұмажан екен. Өзі аса көп сөйлемейді. Сұрағына қысқа ғана жауап қайырады. Бетіңе жалтақтап қарамайды да, қараса іші-сыртыңды түгел тінтігендей көзі өңменіңнен өтеді.

Ет желініп, енді жатар орын сайлана бастағанда, мұртты жігіт маған бұрылып:

— Сіз екеуіміз аттарға жақындау барып жатсақ қайтеді?— деді.

— Маған бәрі бір.

Үй иесі мырзасынып:

— Ұры алады деп қорқасыңдар ма? Аттарың қолды болса, осы ауылдан да мініске екі-үш тай табылар,— деп күлді.

— Отағасының мырза екенін көріп отырмыз... Тек әшейін ашық ауада жатсақ па деп едік..,

— Ә, онда мейілдеріңіз...

Сыртта бізге төсек салынып жатқанда, Жұмажан екеуіміз аттарды тұсап жібердік.

— Былай шығып әңгімелессек қайтеді? — деді ол маған.

— Мақұл.

Аласа төбенің басына шығып, бір қойтастың үстіне отырдық.

— Сіз осы маңайды жетік білемін дедіңіз, ә?

— Ия, білемін.

— Бетпақдаланың қанша жерін білесіз?

— Алты болыс елдің жерін ұзынынан да, көлденеңінен де білемін.

— Ә, оның жақсы екен! — деп мұртты жігіт ойланып қалды. Басқа сөз айтқан жоқ.

Үй сыртындағы төсекке қатар келіп жаттық. Өне бойы ат үстінде жүргендіктен тез-ақ мызғып кеткен екем, бір уақытта көзімді ашсам — Жұмажан әлі ояу жатыр. Мен үш ұйықтап оянғанда да, ол айналасына қарап жатты. Соңғы оянғанымда Үркер мен Таразы көтеріліп қалған екен.

— Сіз неге ұйықтамай жатырсыз? — дедім шыдамай.

— Ұйықтамағанымды қайдан білдіңіз?.. Мүмкін сізбен бірге оянған шығармын... Ал, өз ұйқың қанды ма?

— Қанған тәрізді...

— Бір сөз айтсам құлақ қойып тыңдайсыз ба?

— Айтыңыз.

Екеуіміз киініп бағанағы тастың үстіне келіп отырдық.

— Ал енді жағдай былай, жігітім. Мұқият тыңда. Мына жатқан кісіні осы жерден қайтаруымыз керек... Әулиеатаға дейін маған серік болуға жарайсың ба? Тоқ етеріңді айт. Маған мықты серік керек. Сенің жер жағдайын білемін дегеніңе құлап отырмын...

«Көлденең көк аттыға» бұлайша қолқа салу мен үшін тосын жағдай еді... Әйткенмен өзім де әрі-сәрі ойдамын. Ауылға барсам, Әуелбай болыс «қашқын» деп бәрібір қыр соңына түсіп алады. Айдалада кезіккен салт атты, сабау қамшылы біреуге ілесіп кетуімнің жөні және жоқ сияқты...

Бұл жолы кесікті жауабымды айтқам жоқ.

Таң әбден ағарып атты. Ауыл түгел оянды. Беті-қолымды құманмен жуып отырғанымда мұртты жігіт көк бешпентін жамылып, таза бұлақтан жуынамын деп, тау асып кетті. Төс қалтасынан жұқалау бір кітаптың шетін көріп қалдым...

Ертеңгі қымыз ішіліп болған соң, үшеуіміз де үй иесімен қоштасып атқа қондық.

— Ал, балам, бізді анау төбеге дейін шығарып сал, — деді Әлім,

Әлім мен Жұмажан ілгері озып кетті. Мен жай аянмен арттарынан жүріп отырдым.

Көк шалғынды сайға түскенімде, мұртты жігіт ат шалдырып жүр екен. Жүзінде бір түрлі уайым табы бар... Мен де аттың белін босаттым. Үлкен кісі намазын оқып болып, мені жанына шақырды.

Балам, Бәйкен дегенді естуің бар ма?

— Қай Бәйкен? Бәлшебек Бәйкенді ме? Ия, ия, естігенмін. Өзі ақтардың түрмесінен қашып шықты дейді, рас па? Ортаудан шыққан солдаттар да ізінен адасып қалыпты деп естігенмін...

— Ендеше, мына тұрған менің балам — сол Бәйкеннің өзі,— деді үлкен кісі, аттардың тізгінін ұстап тұрған мұртты жігітті мегзеп.— Ақтардың тұтқынынан қашып келе жатқан беті осы. Дұшпандары сезіп қалмасын деп, жолымыздың бәрінде Жұмажан деп келеміз. Енді бұл Әулиеатаға, ақтар жоқ жерге асуы керек. Бұл маңайда жүре берсе, күндердің күнінде көзге түсіп қалуы мүмкін. Соған сенімді серік іздеп келеміз. Құдай оңдап сен кезіктің. Байқауымша жаман жігіт болмасың. Жердің жөнін білетінің ұнап тұр. Ендігі саған айтарым: осы балама серік бол. Жолсерік демейін, сені енді өзімнің балам дейін. Менің үш ұлым бар еді, ең үлкені осы Бәйкен. Сенімен енді төртеу болсын... Құдай алдында айтайын, төрт перзентімнің бірісің... Егер осы сапардан аман оралмаса, қолыма мына қара тоны мен тымағын ұстат... Ал, балам, қолыңды жай!— деп үлкен кісі ақ батасын бергенде нар күміс сақалынан тарам-тарам жас ақты.

Ақсақалдың сөзі сай сүйегімді сырқыратты. Оның үстіне мына жігіттің ел ішіне атағы жайылған Бәйкен екенін білген соң, олай-бұлай бұлтарғым келмеді. Бәйкен сияқты ел азаматының атқосшысы болсам, арманым не!

— Ал, қарақтарым, сау болыңдар! Алла жолдарыңды оңғарсын!— деп, Әлім екеумізбен күшақтасып хош айтысты.

Бәйкен екеуміз сар желіспен жүріп келеміз. Менің қоржынымда бақырым мен қазаң-ошағым бар. Бәйкеннің де бөктергені қызыл қоржын, бірақ ішінде не барын білмеймін.

— Бүгін жетіп қонатын ел бар ма? — деп сұрады Бәйкен жол үстінде.

— Кім біледі? Үркінді заман ғой...

— Ендеше, бір құдықтың басына түнелік,

Таңертең жездем ауылынан шыққанбыз. Астымдағы қартаңдау болса да ахай мықты, тұғыр, қайқы ат. Еті ояздау, сонда да Әулиеатаға жеткізерлік әлі бар. Бәйкеннің астындағы жұмыртқадай ақ қабақ ат.

— Атарды ұзатпалық. Қасқыр жарып кетіп, айдалада жаяу қалармыз,— деді Бәйкен сақтық жасап.

— Бетпақтың қасқырынан гөрі ұры-қарысы жаман. Иек астындағыны қағып кетеді.

— Сенің де ұрлық қылғаның рас па?— деп сұрады ол ойда жоқта.

— Ұрыға серік болғаным рас,— дедім жасырмай.— Тарақтының баукеспелері сауып отырған екі түйемізді алып кеткен соң, кектеніп, бір үйір жылқысын айдап алғанбыз.

— Алғандарың байдың малы ма, кедей сорлыныкі ме?

— Қараңғыда кім ажыратқан!

— Күзеті мықты бай өрістегі жылқысын алдырушы ма еді, кедей сорлыныкі-дағы. Сенің түйенді алдырған да сол ұры жұмсағыш жуан болар. Соқыр елді адастырып, бір-бірімен атыстырып қойған кер заман!.. Көзі ашық болса, қалың кедей тізе қосып бірігіп, қанаушыларды қойдай айдамас па еді?!

— Бәйкен аға, кешелі бері сізден сұрағым кеп...— дедім күмілжіп.

— Қысылма, сұрай бер.

— Осы бөлшебек пен ақ патша не жетпей жұлқысып жатыр?

— Ақ патша құрыған, енді соның құйыршықтары құтырынып жүр. Большевиктер олармен еңбекші халықтың мұң-мұқтажы үшін кескілесіп жатыр...

— Кедейге теңдік әперем дейсіздер, әй, соған күмәнім бар. Адам баласы бірдей жаратылмаған ғой... Мысалы, мені алыңыз, сауатсызбын, атқосшылықтан өзге кәсіп қолымнан келмейді. Сөйте тұра сіз сияқты оқыған, білімді адамдармен ық теңестірем деуім қате болмай ма?

— Жоқ, Ақжан. Адам баласы о баста бірдей жаратылған... Кейін күштілер әлсіздерді билеп кеткен... Большевиктер бұдан былай біреудің еңбегін біреуге сүліктей сорғызбайтын болады, әркім өз еңбегінің рахатын көрерлік жағдай жасайды. Біреуге-біреу зорлық жасамайтын заман туады... Сендер де оқисындар, сендер оқымасаңдар балаларың оқиды, ел басқарады...

— Е, әйтеуір біреуді біреу басқармайтын заман жоқ десеңізші!

— Ондай да заман туар! Бірақ оған дейін әлі талай қан төгілер.

— Бәйкен аға, өзгені қайдам, дәл сізге не жетпейтініне түсінбеймін. Әкеңіздің өзіне жетерлік дәулеті бар, баласын орысша оқытты. Алған біліміңізбен осы күнге дейін байып та кететін едіңіз... Ал, енді жүрген жүрісіңіз мынау, ақтардың тұтқынына түсіп, өлім аузынан қалдыңыз, қаншама азап шектіңіз... Енді, міне, елден-жұрттан безіп қашып жүрсіз, бір күні ұстап алса атып тастайды. Ғазиз басты осынша азапқа салғанда жететін ұшпағыңыз не? — дегеніме Бәйкен мырс етіп күлді де:

— Біз қара бастың қамын ойлап жүрген жоқпыз, Ақжан,— деді.— Күресуге бел буған адамдармыз. Қара халықты теңдікке жеткіземіз деп жүрміз. Жалғыз мен ғана азап шегіп жүрсем, адасты дер едің, ал біз көппіз, тұтас бір партиямыз!

...Бетпақдаланың өзім білетін құдықтарының басына бірде түстеніп, бірде түнеп, әлденеше күн жол жүрдік. Қайдағы бір елсізбен, жолсызбен жортып келеміз. Айдалада кездескен қосқа, көшке жоламаймыз. Төңіректі алдын ала барлап алып, ешкім жоғына көзіміз жеткенде ғана ілгері жылжимыз... Қойшы, әйтеуір Шу бойына да іліндік-ау. Әлі қыс қаһарына міне қойған жоқ-тұғын. Шудың мұзы қалың боп қатқанша күте тұрайық деп едік, әлдеқандай жансыз жеткізсе керек, Бәйкенді іздеп өкшемізбен сегіз солдат шығыпты деген хабар сап ете қалды. Енді бөгелуге болмайтын еді... Шу бойындағы елден бізге тағы үш адам қосылды. Олар арғы беттегі жекжаттарына баратын жолаушылар екен... Бес кісі серіктесіп Сарқырама деген жерге келдік. Шудың екі қабағы бірдей, суы толық екен. Қамысты жері бір елі, жалаңаш жері екі елі болып қатыпты.

Серіктеріміз шу ете қалды:

— Ойбай-ау, мынаның суы мұз астынан көрініп жатыр ғой!

— Ат түгіл жаяу адамды көтере алмас!

— Қой, кейін қайталық. Бізге асығыс не, мұз әбден бекіген соң келеміз де...

— Бәйкен аға, қалай, тәуекел дейміз бе? — дедім мен.

— Өзің не дейсің? — деп сұрады ол.

— Әкем айтушы еді, су толық болса, бір елі мұз бір атты, бір жаяуды көтере береді, ал толық болмаса төрт елі мұз да көтермейді,— деп... Мынаның суы толық көрінеді ғой.

— Ал, жігіттер, біз бес адамбыз. Бес адам бір отряд. Ал командирсіз отрядты жау алады. Осындай қысыл-таяң да ішіміздегі біреуді командир етіп сайлап алғанмыз жөң болар. Қане, кімнің қандай ұсынысы бар?

Жолсеріктеріміз жалтара бастады:

— Кәмәндір деген бәлені тағы қайдан шығарды?

— Е, мейлі, біздің неміз кетті, ойына келгенін істей берсін!

— Командир сайламасақ болмайды,— деді Бәйкен.— Ал, сайлаған соң оның бұйрығы заң. Майданда тәртіп солай... Қане, кімнің қандай ұсынысы бар? Ендеше, мен ұсынайын. Командиріміз мына Ақжан болсын! Қарсылық бар ма?

— Е, мейлі, болсын,— деді өзгелері.

— Ал, командир жолдас, не бұйырасыз? — деді Бәйкен маған қарап.

— Бұйрық сол, Шудан өту керек!

— Қой, жігітім, өрт пен суға батырлық жүрмейді!

— Ия, мұз бекіген соң келелік,— десті серіктеріміз.

— Ал, жаңа командир сайладық дегеніміз қайда? Командирдің алғашқы бұйрығын орындамасақ, ақырымыз не болады? — деді Бәйкен.

— Е, солай екен ғой...

— Аңқау басым, неғып көне қойдым!

Жолдастарымыз сөзден ұтылып, мұздан өтуге көнді. Көк айна мұзға қорда, топырақ төктім. Алдыға өзім түстім. Қолымда айбалтам бар еді, жалаңаш мұзды сартылдатып ұрып келемін. Бесеуімздің ортамызда — Бәйкен. Арамыз елу қадам. Кең, жалпақ мұз шатыр-шатыр етеді. Қай жерде қарқ болып батып кетер екенбіз деп келемін. Қойшы, әйтеуір өттік-ау...

Жағаға шыққан соң жолдастарымыз:

«О, тоба! Жаным кеудемнен шығып кете ме деп едім»; «Тура орта тұсына келгенде мұз ойылып кеткендей көрінді»; «Ал, хош деп айғайлай жаздағаным!»; «Әй, осымыз ақымақшылық болды»,— десті.

— Сол ақымақшылық болмағанда, сенің кең ақылыңды қайық қылып өте алмайтын едік қой! — деді Бәйкен күліп.

Бұдан кейінгі жолымыздың қиындығы болған жоқ. Әулиеатада Совет өкіметі орнап тұр екен. Бәйкен күрес жолы бір, партиялас жолдастарының жанында екі-үш ай бірге болды да, март туа Арқадағы елге қайттық.

Жол-жәнекей Шу бойындағы елге Совет өкіметін орнатуға тырыстық. Кедейлерден болыс сайлап, қолдарына қағаз бердік... Менің басымда тымақ, үстімде түйе жүн күпі болғанмен, ішімде көк шұғадан тігілген бешпет, бұтымда шалбар, белімде қылыш, мойнымда винтовка — қарсы келгендерге айбатпен қараймын.

Шудағы ел қорықса да, сыйласа да асты-үстімізге түсіп, қой сойып, құлдық ұрып біраз уақыт жібергісі келмеді.

Әйткенмен, Бәйкеннің көңлі албарлы еді. Шу бойын қыстауға келген Арқа қазақтары Қолчак әскерлері салған ыланды айтып тауыса алмайды. Үйір-үйір жылқыларды, сойыс малын жауапсыз, сұраусыз айдап әкетіп, жүрген жерін қан сасытып кетсе керек. Әсіресе, қыз-келіншектерге көрсеткен зәбір-жапасын айтқанда төбе шашың тік тұрады. Қарсы келген ер-азаматты асып, атып кете берген. Бұл қорлыққа шыдамаған ел үдере көшіп Бетпақ асып, мойны алыс Шу бойын паналаса керек.

Бәйкен өз елінен ешбір хабар ала алмай дал болды. Олардың қыстауы да, жайлауы да Ортау төңірегі болатын. Бәйкен жер қараюын күтпей-ақ жолға шығуды мақұл көрді.

Жол тағы қиындады. Шөлдерге қаптаған ұры мен қашқын деп естігенбіз. Қолымызда — мылтық, астымызда — жарау ат болғанмен, қай бүйірден ұрынары белгісіз. Оның үстіне қалың қар кей жерлерде таралғыдан асып, ат тұяғы жерге тимей қалқып қалған кездеріміз жиі болды.

Қойшы, әйтеуір, ит қорлықпен Ортаудың етегіне зорға іліндік-ау. Бұл төңіректе де бұрынғыдай қалың ел жоқ, көп қыстаулар қаңырап бос тұр. Ел — ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетті дегені рас екен. От орнында күл жатыр. Бұрынғыдай қора толы қой, өріс толы жылқы түгіл кей ауылдарда үрерге ит қалмаған. Босқан елдің жұртында қаусаған кемпір-шал. Өндері солғын, көздері кіртіген, бір түрлі мүсәпір қарайды.

Аулына жақындаған сайын Бәйкеннің қаны қашып, қабағы катулана түсті. Жақ еттері бұлт-бұлт егіп, көзін алыстан алмайды. Басын қалың ой шырмап келе жатқанын біліп, мен де үндегем жоқ.

Қаратікен деген жерде жол езуінде отырған үш-төрт үйлі ауылға келдік. Он шақты көтерем қойына шөп шашып тұрған жасамыс еркек Бәйкенді алыстан танып, маяның үстінен домалай түсті де, «ой, бауырымдап» келіп атының жалына жабысты. Милығы жыртылған тымағының астынан: «Қайтейін, есіл ағам шейіт болды ғой!..» — деген сөздерін ғана естіп қалдым. Бұл кімді айтып тұр? — деп Бәйкеннің жүзіне қарасам, ол есенгіреген адамдай ат үстінде теңселіп тұр екен. Шатынай түскен көз жанарында жас жоқ. Жұлын тұтам шымырлап сала берді.

Артынан білсек, былай болыпты: Бәйкенді іздеп шыққан сегіз солдат Шуға дейін келіп, ары өте алмай қайтады да, Әлім ауылының үстінен шығады, тапа-тал түсте атыс қылып бөктіріп кетеді, Қария сол жолы оққа ұшыпты. Әлгі жама-

гайыны төбе басындағы қар астында қалған жас моланы күрекпен аршып көрсетті.

Мен енді Бәйкеннің жалғыз қалғанын білдім. Бір інісі Омбы жақта партизан болып жүріп хабар-ошарсыз кеткен. Тағы бір інісі түрмеде өлген. Солардың қайғысына шыдамай былтыр жазда шешесі дүние салыпты. Әкесінің жатқаны мынау...

Бәйкен енді бөгелмеді. Аттардың белін көтеріп жемдеп алған соң, жолға шықтық.

Қала актардан жаңа ғана тазарған екен. Көшеде қарақұра көп. Маңдайында жұлдызшасы бар қызыл әскерлер ат тұяғымен қар боратып шауып өтеді.

Маңдайымызды тура Совдеп үйіне тіредік. Қыш кірпіштен салынған қызыл үйдің маңайы ығы-жығы халық. Тіпті ат байлайтын жері жоқ. Аттылы-шаналы адамдар жол бермейді. Бәйкен тізгінді маған ұстата салып, есікке қарай бет алды. Қолдарына винтовка ұстаған екі солдат алдын кескестеп еді, қойын қалтасынан бір жапырақ қағаз көрсеткенде ана екеуі қалт тұра қалып, қолдарын шекесіне апарды..

* * *

Бәйкен Совдептегі жұмысына кірісіп кетті. Мен барып кел, алып келдің адамымын...

Көктем туа елді сағына бастадым. Бәйкен ертеден қара кешке дейін қызметінен босамайды. Кейде таң ата келіп, төсекке киімшең құлай кетеді... Жуық маңдағы елге де жиі-жиі шығып жүр.

Қарбалас жұмыс оның көкірегін қақ жарған ащы уайымды ұмыттыратын да шығар. Әйтеуір, қашан көрсен де бір қалыппен томырылып жүреді. Реңі бұрынғыдан да сұстанып кеткендей. Ешкіммен ашық-жарқын сөйлеспейді. Мені бірер күн көрмесе: «Ия, амансың ба? Хал қалай?» дейді де қояды.

Қызметтен келген бойда көбінесе кітап оқуға отырады, немесе бұрқыратып қағаз жазады. Біз үйін жалдап отырған татар әйелі шай әкелгенде ғана басын қағаздан көтереді. Анда-санда ішкі Ресейде, бөтен елдерде болып жатқан жаңалықтарды маған қысқаша айтып, түсіндірген болады, бірақ мен бірін ұқсам, бірін ұқпаймын.

Бір күні онашада отырғанда елге қайтқым келетінін айттым.

— Немене, қала ұнамады ма, әлде жалғызсырап жүрсің бе? — деп сұрады Бәйкен.

— Елді сағындым, — дедім.

— Ә... онда жөн екен... Ал енді ойында не бар? Не қалайсың менен? — деп сұрады.

— Не қалаушы едім... Астымда атым бар, киімім бүтін. Енді қайтудан өзге ойымда дәнеңе жоқ.

— Ақжан! Сен маған көп қызмет еттің. Мен де сенің бір қарызыңнан құтылайын. Қалауыңды айт?

— Ойымда ештеңе жоқ, Бәйкен аға,— дедім.— Сізге жолсерік болғаным жігіттік парызымды өтегенім деп біліңіз...

— Елге қайтам дейсің, ә? — Бәйкен терезе алдына барып біраз ойланып тұрды.— Бір себептен оның да дұрыс. Қазір ел ішіне сендейлер аса қажет. Бірақ бос тентіреп жүрмей, іс тындыруың керек. Туып келе жатқан жаңа заман мынау. Енді сендей жарлы-жақыбайлар ел басқаруға міндетті. Ол үшін алдымен оқу керек. Білімсіз алысқа ұзай алмайсың. Сені Әулиеата арқылы Самарқанға оқуға жіберсек, барар ма едің?

Аяқ астынан қойылған бұл сұрауға күмілжіп қалдым. Оқу деген мен үшін адастырып кететін қара ормандай көрінді.

— Оқу жасынан асып кеттім ғой, аға,— дедім.— Қазір миыма не кіреді дейсіз... Одан да елге барайын, өзімді сабап, дүрелеген болыс-старшындардан кек алайын!

Бәйкен қабағын шытып ойланып қалды.

— Тарақты еліне болыс боламысың?— деп сұрады аздан кейін.

Құлағым елең еткенмен, ақырын ойлап, өзіме тоқтау салдым. Бүгін болыс болып, ертен Бәйкенді ұятқа қалдырсам, одан артық өлім бар ма? Тағы да қу сауатсыздық аяқты тұсап тұрған!

— Аға! Болыстық менің не теңім? Одан да міліса болайын!

Бәйкен мырс етіп күліп жіберді:

— Мақұл, бола ғой! — деді.

Арабша хат танитын басқа бір кедей жігіт болыстық мандатын алды да, мен соның мілісасы болып Тарақты жаққа жүріп кеттік. Қолымда — мылтық, үстімде — көк шұға бешпет, бұтымда — көк шұға шалбар, басымда да қара қозының елтірісінен тігілген дөңгелек папақ, белде — қылыш, қалтада — шығыршық гранат, айбынымнан жан шошиды... Сол бойда елге келдік.

Әуелбайдың аулына барып, болыстық мөрін, қағаздары өткізіп алайық десек, ол іс қуып дуан жаққа жүріп кеткен екен. Өкшелерінен қалмай жүріп отырып, Жаман Сарысуда жолықтырдық. Олар бес адам екен. Бізді көргенде Әуелбайдың беті жер түстеніп кетті.

- Жол болсын, болысеке? — дедім.
 - Әлей болсын, — деді Әуелбай ернінің ұшымен ғана.
 - Қалай қарай бет алдыңыздар?
 - Дуан барамыз.
 - Дуанға кімді іздеп барасыз?
- Менің сөзімдегі кекесінді ұғып Әуелбай шамданайын деді.
- Бұл не? Тергеу ме?
 - Тергеу десе де болады.
- Әуелбай қасындағыларға көзін аларта бір қарап алды да:
- Ей, Ақжан! — деді. — Міліса болғаныңды естігенбіз. Кеше ғана момақан жігіт едің, қатарға қосылғанның жөні осы деп дауыс көтергенің қалай?
 - Күні кеше сендер дауыс көтермек түгіл, жонарқамыздан қайыс тілгенсіңдер, енді біздің де кезегіміз келген шығар, — дедім.
 - Заман озады, тон тозады, Ақжан. Басыма бүгін бак конды деп орынсыз едірендей берме. Ертеңінді де ойла.
 - Е, ертең не болады екен? Күнім қайта туады деп тұрмысың? Жо-о-оқ, Әуелбай! Заман енді біздікі. Қолға тиген тізгіннен өлсек айрылар ма екенбіз!
 - Бір күнгі қызықты малданып, түкпілікті тіршілікке түкірік шашпалық...
 - Жә! Балтай-шалтайды доғаралық. Анау қоржыныңдағы іс қағаздары мен қойындағы мөрдi мына жаңа болыстың қолына ұстат!
 - Мөрдi алам дегенің келіспес, Ақжан. Сайлауға дейін мөр менде тұрады. Жаңа өкімет сайлау жүргізетін шығар.
 - Менде сол жаңа өкіметтің қағазы бар. Қане, мөрдi бері шығар!
 - Бұл мөр сендерге жарамайды. Мұнда менің аты-жөнім жазылған.
 - Аты-жөнің жазылса өшіреміз!
- Аналар тағы да бір-біріне қарады. Ақсақалдау біреуі:
- Шайырмал сөзге келмелік, жігіттер... — деп басу айтқан болды. Әуелбай жуан дойыр қамшысын бүктеп ұстап, нығыз дауыспен:
 - Дуанға бармайынша мөрімді ешкімнің қолына ұстатпаймын, — деді.
 - Ей, Әуелбай! Ендігі қиқаныңды көтере алмаймыз. Мөрдi бересің бе, жоқ па?!
 - Бермесем қайтеін деп едің?
 - Текеше бақыртып тартып аламыз!
 - Әлің келмесе ше?

— Қолымдағы мына граната бір өзі он адамды жайратады.

— Өйтіп бізді қорқыта алмайсың. Адамның басы — алланың добы. Ажалым осы арада ма, басқа жерде ме — құдай біледі.

— Мә, ендеше, көріндер! — деп алақанымдағы шығыршық гранатты құлашым жеткен жерге лақтырып жібердім. Үй орнындай топырақты аспанға атып, гүрс жарылған гранат даусынан шошыған аттар ала-ала қашты. Бесеудің біреуі аттан ауып түсіп қалды. Қалғандары зорға дегенде тізгіндеріне ие болды. Мен сес көрсетейін деп астымдағы кең сауыр, доға жай айғырмен ойқастай шауып, ақсақалды кісінің үрке қашқан атын ұстап әкеп бердім. «Астапыралла!», «Құдая тоба, сақтай гөр!», «Мұндай да керемет болады екен!» — десіп, шулап жатты.

— Ал енді көздерің жетті ме? Қолымда тағы біреуі бар. Орталарыңа тастай салсам, күлдерің көкке ұшады!

— Мына жынды оны да істейді, — деген сөзді құлағым шалып қалды.

— Әуке, мұнымен егеспелік, — деді ақсақалды кісі. — Болыстығы құрысын. Бас аман болса, мөр ешқайда қашпас. Бітік көз Әуелбай тығыз қара сақалын бір сипап:

— Жә, болды, — деді. — Жөнсіз егеспелік. Көздегендерің бармақ басындай мөр болса, алыңдар. Қағаз да мына қоржыда. Бір елдің ішінде отырып қырық пышақ болғанымыз келіспес. Татулық керек, ағайын. Бір өкімет келеді, бір өкімет кетеді. Бірақ ел кетпейді.

— Сен менің қас дұшпанымсың, Әуелбай. Былтыр есімнен танғанша дүре соқтырып, басымды өлімге байлағансың. Сол үшін дәл қазір атып тастасам да құныңды ешкім сұрамайды. Бірақ мен өйтпеймін. Андағы аттарыңнан түсіндер. Орынбасарың екеуің мына жауыр тайға мінгесіңдер. Осы бойда елге барамыз. Сүйектен кетпейтін бір мазаққа ұшыратсам — кегімнің қайтқаны! Қане, түсіндер!

Әуелбай менің ашулы түрімнен ығып қалды. Былтырғы кегін қайтарғалы тұр деп қорықса керек. Доңайбат көрсеткеннен дәл қазір пайда жоғын да біледі. Ішке тепкен ызаны тежемеске шарасы жоқ. «Балақтағы бит басқа шықты» деп іші қыжынағанмен, аттан түспеске лажы қалмады.

— Ақжан, біз бет көрісетін ағайынбыз. Тайша атым болмаса да қойша атым бар еді, ат көтіне мінгестірем дегенің сүйегімнен өтіп тұр. Ат-шапан айыбымды тартайын, бірақ мені мазаққа ұшыратпа, — деп ол жалбарынғандай болды.

Бір ұртында балы, бір ұртында зәрі бар әккі болыстың

бұлтағына енді көңгім келмеді. Осындай дүние кезек болып тұрғанда ел алдында өзімнің де иығымды бір өсіріп алуды ойладым. Болысты атынаң аударған міліса атансам айбы-нымнан жан шошымай ма?

— Жә, айттым — болды. Мінгесіңдер! — дедім.

— Ойпырмай, ағатай-ай, мен-ақ жаяу жүрейін, сіз міні-ңізші! — деп орынбасары болысқа атын түсіп берді.

— Болмайды. Мінгес деген соң мінгес! — дедім айбат көрсетіп. Мылтығымды да шошаңдатып қойдым. Әуелбай мен орынбасары кедей болыстың қойқұлақтанып арыған торысына мінгесті де, алдыға түсті.

Әуелбайдың иіні түсіп, беті көгістеніп барады.

Аласа қоңыр адырлардың ар жағында ұзын сайда, бұлақ басында отырған болыс аулына жетіп келдік. Болыстың өз отауы алыстан ағарандап оқшау көрінді. Айнала-сында бес-алты боз үй тағы тұр. Ұзын сайдың төменгі етегінен бір шоғыр қараша үйлер көрінді. Желі басында үйез-деген биелер, көгенделген құландар жатыр.

Боз үйлер жақта бір топ әйелдердің жаулықтары жел-бірейді. Киіз яки текемет басып жатқан тәрізді. Адырдан сайға құлаған қара-құра аттыларды көріп бәрі бері бұрылды. Ақ кимешекті бәйбіше шетірек шығып, қолын қалқалап қарап тұр. Біз жақындағанша үй-үйден еркектер де шығып, аңтарыла қарап қалыпты.

— Бетім-ау, мынау болыс па?

— Қасындағы кім еді? Міліса ғой!

— А, құдай-а, сақтай гөр, бір атқа екеуін мінгестірген деген тағы не сұмдық?! — деген дауыстары естіліп жатыр.

Атымды ойқастатып алдыға шықтым.

— Ей, халайық! Танисыңдар ма мені? Мен Ақжанмын. Былтыр бәрінің көзіңше мына болыс мені өлімші қылып сабатқан болатын. Қашып құтылмағанда сүйегім далада шіритін еді. Енді міне, кегімді қайтардым. Жер-жерде жаңа үкімет — кедейдің үкіметі орнады. Бұдан былай залым патша мен зорлықшыл ұлықтардың Әуелбай сияқты құйыршығы биліктен тайдырылады. Ендігі болыстарың — мына тұрған Уәли!

— Астапыралда! Беті қандай жаман еді!

— Қызылдар... осылар ма?

Топ ішінен иығында түйе жүн шекпені, аяғында шоңқай-ма етігі бар, балуан денелі бір адам шықты. Мен онымен жылқы ұрлап жүргенімде талай рет жолғасқанмын. Құра-лайды көзге атқан мерген, сойылға да ахай мықты жігіт.

— Әй, Ақжан! Сабатса сені Мәдіғұлдың ұрысы деп ұлық

сабатты. Аман құтылғаныңды жанға олжа демейсің бе? Ел сайлаған болыста нең бар? — деді.

— Халық деп тұрғаның кім? Мына сен бе? Әлде бай-болыстың жандайшаптары ма? Халық деп анау қараша үйдегілерді айтады. Болысты да енді солар сайлайды! — дедім.

Әуелбайдың көкдолы бәйбішесі алға жұлқынып шығып:

— Ойбай, құдай-ау, осынша тобырдың ішінен еркек кіндік шықпағаны ма? Қаратабан қу кедей шаңырағымызды шайқалтып тұрғанда қайрат көрсететін кімің бар, ойбай!

— Доғар, қатын! — деп Әуелбай ақырып қалды да, аттан түсті. — Бұ да бір құдайдың салғаны шығар. Көнеміз-дағы. Тараңдар, түге!

Әуелбай қабандай қабарып, отау үйіне кетті. Мен аспанға мылтықты бір-екі рет атып жібердім де атқа қамшы басып, жүріп кеттім...

Үйге келсем әкем төрт түйенің екеуін жоғалтып отыр екен. Із шалып, сұрау салып бақсам, төменгі Жөгілердің ұрылары алған тәрізді. Қара жердегі ізді қардағыдай танытын кезім және қай ауылда қандай ұры барын да білемін, көп ұзатпай екі түйені жетелеп ауылға қайтып келдім...

* * *

Көктем шығып, жер қарайған соң дуан жаққа жүргім келді. Алғаш келгенімде шешем киген киіміме, бесатарым мен қылышыма қарап: «Құдая тоба, жеткерді деген осы, тіл-сұқтан аман қыла гөр!» — деп бір малын сойып құдайы берген-ді. Енді кетем дегенімді естіген соң, шала бүлінді.

— Балам, кемпір-шалды тастап кетемін дегенің не? Заманның түрі мынау — бір күн олай, бір күн былай. Өстіп жүргеніңде біреу-міреу айдалада атып кетсе не бетімізді айтамыз?! Қой, балам, осы секендеуің де жетер. Әкең болса қартайды, мына үйге ие бол. Шаруаға қара. Келін түсір. Қашанғы бай қазанына қарап отырамыз, өстің, жетілдің, енді асыра. Бізге де бір жарық күн тусын да!

Кімешегінің шажамайынан шыққан ақ шашына қарап аясам да, сөзді басқа жаққа бұрып:

— Жарық күн туды деген осы, апа! — дедім. — Бірақ бай-болыстардан теңдік алып болғамыз жоқ. Сол үшін де дуанға жүруім керек!

Шешем жылап қалды, әкем ақ батасын берді.

Таңсәріден атқа қонып, үздіксіз бұлаң құйрық жүріспен үш күн дегенде қалаға жеттім. Совдеп үйінің алды ығы-жығы ел екен, киіп-жарып кіріп бардым.

Бәйкен мені көріп қуанып қалды. Реңі бұрынғыдан сол-